

Үйде оқитын мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыруды тағайындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 мамырдағы № 200 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 16 маусымда № 2932 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 317 шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет аудандық мәслихатының 18.09.2015 № 317 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 наурыздағы № 217 "Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үйде оқитын мүгедек балаларға ай сайын 2,4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде материалдық қамсыздандыру тағайындалсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрайымына (Ш. Т о р б а е в а) жүктелсін .

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс 23-сессиясының төрағасы А. Қабенов
Аудандық мәслихат хатшысы А. Құрманбаев